Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Кездейсоқ шаманың анықтамасын беріңіз.
2. Дискретті кездейсоқ шама анықтамасын беріңіз.
3. Абсолютті үзіліссіз кездейсоқ шаманың анықтамасын беріңіз.
4. Кездейсоқ шаманың үлестірім функциясын анықтаңыз.
5. Үлестірім тығыздығы қандай шарттарды қанағаттандырады?
6. Кездейсоқ вектор анықтамасын беріңіз.
7. Екі өлшемді кездейсоқ шаманың бірлескен үлестірім функциясы қандай қасиеттерге ие?
8. Екі өлшемді кездейсоқ шаманың бірлескен үлестірім функциясы әр айнымалысы бойынша монотонды функция бола ала ма?
9. Екі өлшемді кездейсоқ шаманың бірлескен үлестірім функциясы шенелген функция бола ма?
10. Екі өлшемді кездейсоқ шаманың бірлескен үлестірім тығыздығы қандай қасиеттерге ие?
11. Екі өлшемді кездейсоқ шаманың бірлескен үлестірім тығыздығы бойынша әр айнымалының үлестірім тығыздығын анықтау мүмкіндігін көрсетіңіз?